

УДК 551.311.21

КІШІ АЛМАТЫ ӨЗЕНІ АЛАБЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН СЕЛ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ШОЛУ

Геогр. ғылымд. докторы

М.М. Молдахметов

А. К. Мусина

Кіші Алматы өзені алабында өр кезеңдерде жүрген сел құбылыстарына ретроспекциялық талдау жасалып, түрлі санаттагы лайлы-тасты сел тасқындарының орташа қайталаныштығы анықталды және жылдық үлестірімі бағаланды.

Беделбай және Батарейка өзені алаптарындағы уақытша сел құбылыстарының пайда болу зандылықтарын анықтау үшін зерттелетін аудан бойынша барлық мәліметтер жинақталып, қаралды. Олар: Қазгидромет және “Қазселденқорғау” бекеттерінде бақыланған архивтік мәліметтер, “Қазселденқорғау” және басқа үйымдар арқылы жүзеге асырылған арнайы зерттеулердің қорлық мәліметтері, жарияланған мақалалар мен монографиялар [1, 3, 6].

Қолда бар ақпарат толық емес, қысқа мерзімді қамтиды және өр түрлі уақыт аралықтарына қатысты, көбінесе мәселенің жекелеген сұрақтарын қарастыруға негізделген. Сондықтан зерттеліп отырган ауданда сел байқалу құбылысының уақытша қатар тізбегін құрастыру кезең-кезеңмен жүргізілді. Алдымен қолда бар деректер белгілі бір уақыт аралығы үшін барынша жеткілікті болса, олар сарапталып сел құбылысының туындау зандылықтары анықталды. Деректер жеткіліксіз немесе мүлде жоқ болған жағдайда осы айқындалған зандылықтарды басқа уақыт аралықтарына қолданудың қажеттілігі негізделді. Сараптау кезінде тікелей Беделбай және Батарейка өзен алаптарына қатысты ақпаратпен қоса, Кіші Алматы өзені алабы бойынша мәліметтер толығымен, сондай-ақ Іле Алатауының басқа да өзендерінің кейбір мәліметтері қарастырылды.

Қазгидромет мекемесінің бекеттерінде 1942...1971 жж. аралығында Беделбай және Батарейка өзені алаптарындағы гидрометеорологиялық режімге бақылау жүргізілген. 1972...1992 жж. аралығында Қазгидромет желісінде гидрометеорологиялық бақылаулар тек Батарейка өзені алабында жүргізілген. “Қазселденкорғау” мекемесі осы ауданда 1975 жылдан бастап жекелеген уақыт аралықтарында бақылаулар мен зерттеулер жүргізді. Негізінде Кіші Алматы өзені алабының таулы ауданындағы гидрометеорологиялық жағдайға туракты режімдік бақылаулар өткен ғасырдың 20 жылдарынан басталып, 1990 ж. дейін бекет желісінің біртіндеп қанат жайып кеңеюі және қазіргі кездегі олардың санының қысқаруы аралығында жүргізіліп қелді. Бірінші талданатын кезең 1942...1971 жж. арналады.

Уақытша сел құбылыстарының пайда болу зандылықтарын анықтау үшін Беделбай, Батарейка және Кіші Алматы өзендерінің өтімдік сипаттамалары зерттелді.

Зерттелу кезеңінде Беделбай және Батарейка өзендерінде лайлышасты тасқындар байқалмады, бірақ су тасулар мен лайлышасты тасқыны құбылыстары болып түрді. Байқалған ең жоғары, орташаланған ең жоғары су өтімі, ең жоғары орташа айлық және орташа айлық су өтімінің қайталануын және мәнін, сонымен қатар ағынның сапалық түрғыдан сипатталуы мен олардың лайлыштық сипаттын ескере отырып, Беделбай өзені бойынша ең жоғарғы су өтімі $0,4\ldots0,8 \text{ м}^3/\text{сек}$ және Батарейка өзені бойынша $0,6\ldots1,0 \text{ м}^3/\text{сек}$ құраса, мұндай оқиғалар тасқындар тобына жатқызылды. Беделбай және Батарейка өзендерінің өте үлкен су өтімі мәндерімен сипатталатын (қамтамасыздығы 25 % аса) тасқындары селдік лайлышасты тасқын тобының әр түрлі санаттарына жатқызылды. Кіші Алматы өзені бойынша тасқындар тобына ең жоғары су өтімі $10 \text{ м}^3/\text{с}$ жететін жағдайлар, ал ең жоғары өтімінің мәні $10 \text{ м}^3/\text{с}$ асатын тасқындар - селдік лайлышасты тасқын құбылыстарына жатқызылды. Сонымен, талдауга Кіші Алматы өзеніндегі түйіктаушы тұстама арқылы өтетін тасқындар мен сел құбылыстары ішінен еріген қар суы мен жаңбырдан және жаңбырдан қалыптасатын селдер қарастырылды.

Талданатын бірінші кезеңінде 30 жылы ішінде Беделбай өзенінде 8 лайлышасты тасқыны байқалған. Қарастырылған

отырған уақыт аралығының жеті жылында лайлы сел тасқындары (жалпы саны 8) байқалды: 1942, 1948, 1953, 1954, 1958, 1960, 1969 жж. (1942 жылы сел құбылысы 2 рет жүрді). Талданатын кезенде жоғарғы су өтімі $4,30 \text{ м}^3/\text{сек}$ жететін ең ірі лайлы сел тасқыны (1 санатты) 1969 ж. 30 мамырда байқалды. Қарастырылып отырған кезеңдің 40-50 жылдары селдің орташа өту жиілігі 3,3 жылда 1 рет болса, кейбір жағдайларда жыл сайын, кейде аралығы 5 жылға созылды. 60 жылдары селаралық кезең 9 жылды құрады.

Беделбай өзенінің жоғарыда атаған 8 лайлы тасқынының 7-еуі (80 %-дан кебі) Батарейка өзенінің лайлы сел тасқындарымен қатар жүрді. Тек қана бір рет 1953 ж. Беделбай өзенінде аса үлкен емес лайлы сел тасқыны байқалып, ал Батарейка өзенінде қарқындылығы бойынша оған жатпайтын су өтімінің көтерілуі байқалды.

Осы көрсетілген кезенде лайлы сел тасқындары Батарейка өзенінде 11 рет, яғни Беделбай өзеніне қарағанда 1,4 есе көп қалыптасты. Мұнда бірінші санатты лайлы сел тасқыны 1969 ж. 30 мамырда байқалып, оның ең жоғары өтімі $9,6 \text{ м}^3/\text{с}$ құрады, ал ең жоғары өтімі $3,0 \text{ м}^3/\text{с}$ екінші санатты лайлы сел тасқыны 1948 ж. байқалды. Батарейка өзенінде қалыптасқан лайлы сел тасқынының басым көпшілігі мамыр айында, біразы маусым айында тіркелген, ал сәуір айында өте аз байқалады. Батарейка өзеніндегі лайлы сел тасқынының жетеуі Беделбай өзеніндегі тасқындармен қатар жүрді. Батарейка өзеніндегі жергілікті жерге тән төрт лайлы сел сәуір және мамыр айларына өтті. Соның ішінде жергілікті жерге тән сел тасқынының біреуі екінші санатты, ал қалғандары орташа көлемді (үшінші санатты). Батарейка өзенінде жергілікті жерге тән сел тасқындары өткен уақытта Беделбай өзенінде ауқымы лайлы сел тасқынына жетпейтін тасқындар байқалды. Жоғарыда көрсетілген Батарейка өзеніндегі 11 сел тасқын 8 жыл аралығында тіркелді, яғни оның үшеуі маусымына 2 реттен өтті. Лайлы сел тасқыны мұнда 1942, 1947, 1948, 1952, 1954, 1958, 1960, 1969 жж. аралығында байқалды. 1940-1950 жж. лайлы сел тасқындарының орташа өту жиілігі 1,9 жылда 1 ретті құрады. 1961 жылдан 1969 жылға дейін орташа тасқындар болғанымен, лайлы сел тасқыны байқалмады.

Қарастырылып отырған кезенде Кіші Алматы өзені алабында жергілікті жерге тән орташа көлемді екі сел құбылысы байқалды (1953 ж. Горельник өзенінде, 1954 ж. Кімасар және Бутаковка өзендерінде). Бұлардың біріншісіне Беделбай өзенінде өткен орташа көлемді лайлы сел тасқыны және Кіші Алматы және Батарейка өзендеріндегі тасқындар, ал екіншісіне осы үш өзенде өткен орташа көлемді лайлы сел тасқындары сәйкес келеді. Кіші Алматы өзенінде бұлардан басқа тағы 12 лайлы сел тасқынының өткендігі байқалды. Екі сел тасқынының (1947 және 1969 ж.) ең жоғары су өтімі $30\ldots35 \text{ м}^3/\text{с}$ (1 санатты) және екеуі $20 \text{ м}^3/\text{с}$ жуық (2 санатты) болды. Кіші Алматы өзенінде байқалған лайлы сел тасқындары өз алабында жүрген жергілікті сел құбылыстарына тәуелсіз. Лайлы тасқындарын 50 %-га жуығы мамыр айында, 40 %-га жуығы маусым айында және 20 %-дан кемі шілде айында байқалды; сәуір айында лайлы сел құбылыстары Кіші Алматы өзенінің түйіктаушы түстамасында мүлде тіркелмеген. Лайлы сел тасқыны қарастырылып отырған кезеңдің 9 жылында байқалды: 1942, 1947, 1948, 1950, 1954, 1958, 1959, 1960, 1969 жж., яғни 2,4 жылда 1 рет қайталанған. Сонымен, 13 жағдайдың 8-інде (62 %) Кіші Алматы өзеніндегі лайлы сел тасқындар Батарейка өзеніндегі лайлы сел тасқынының өту уақытымен сәйкес келді, ал соңғы 4-еүі Беделбай және Батарейка өзендеріндегі лайлы сел тасқынымен қабаттаса жүрді. Кіші Алматы өзенінде шілдеде сел жүріп, маусым аралығында сел құбылысы қайталанған кейбір жағдайларда, Беделбай және Батарейка өзендерінде лайлы сел тасқыны байқалмады. Кіші Алматы, Беделбай және Батарейка өзендерінде 1969 ж. бірінші санатты сел қабаттаса қатар жүрді. 1947 ж. Кіші Алматы өзенінде бірінші санатты сел тасқыны өту кезінде, Беделбай және Батарейка өзендерінде аукымы үлкен болмаса да, лайлы сел тасқындары байқалды.

Талданып отырған кезенде Беделбай және Батарейка өзендерінде 5 (3 санатты) лайлы сел тасқыны өткенде, Кіші Алматы өзенінде тек су тасуғана байқалды. Олардың екеуі сәуір айына, ал үшеуі басқа даталарға сәйкес келеді.

Екінші талданатын кезең 1973...1992 жж. қамтиды.

Бұл кезеңде Беделбай өзені алабында гидрометеорологиялық бақылаулар жүргізілмегендіктен, уақытша сел пайда болу зандылықтарын анықтау Кіші Алматы және Батарейка өзендері мәліметтерін талдаудың негізінде жүзеге асырылды.

1973...1992 жж. аралығында Батарейка өзенінде лайлы-тасты сел тасқындары байқалмады, бірақ алдыңғы кезеңде өткен сел жиілігіне (2,5 жылда 1 рет) жақын, яғни 8 лайлы сел тасқыны тіркелген. Лайлы сел тасқындарының кейде жыл сайын қайталанып, кейде 5 жылға дейін мүлде байқалмай кетуі орын алды. Селдің 1 жыл ішінде бірнеше рет өтуі тіркелген жоқ. Бірінші санатты сел құбылысы байқалмай, 2 санатты лайлы сел тасқыны 2 рет тіркелді, ал қалғандарының ауқымы аса үлкен болған жоқ. Батарейка өзенінде өткен 8 сел тасқындарының 7-еуі Кіші Алматы өзенінің аласа таулы зонасында байқалған лайлы сел тасқындары мен қатар жүрді.

Кіші Алматы өзені алабында осы кезеңде өте үлкен емес сел түзілудің біреуі 1987 ж. Медеу плотинасының жоғарғы жағында және жергілікті лайлы тасты сел тасқынының біреуі 1988 ж. Мыңжылқы бекеті аумағында байқалды. Кіші Алматы өзенінің таудан шыға берісінде, сонымен қатар бір-біріне сәйкес 3 және 1 санатты лайлы сел тасқындары байқалды, ал Батарейка өзенінде лайлы сел тасқыны тіркелген жоқ. Сонымен қатар, Кіші Алматы өзенінде тағы 12 лайлы сел тасқыны байқалып, олардың екеуі 2 санатты лайлы тасқын болды. Батарейка өзенінде өткен сел құбылыстарынан басқа Кіші Алматы өзенінде 7 лайлы сел тасқыны байқалды. Олардың екеуі сол жылдары өткен сел құбылыстарымен қатар (бірақ, өзге даталарда) байқалды. Кіші Алматының аласа таулы аймағында, Батарейка өзенінің қатысынсыз қалыптасқан үш сел құбылысының біреуі шілде айында тіркелген. Кіші Алматы және Батарейка өзендеріндегі сел тасқындарының қатар өтуі 2 санатты сел құбылыстарын кіріктіріп, Кіші Алматы өзеніндегі лайлы сел тасқынының жалпы санының 60 % құрайды, яғни бұл қатынас бірінші талданған кезеңдегі бақылауларға жақын.

Көрсетілген кезеңдегі сел құбылыстарын талдау негізінде және оларды бірінші кезең зерттеулерінің нәтижесімен салыстыра отырып, 1973...1992 жж. Беделбай өзенінде ең аз

дегенде 4...5 лайлы сел тасқыны орын алды деп жорамалдауға болады. Олар 2 санатты лайлы тасқындармен бірге 1973, 1979, 1988 және 1989 жылдар аралығында өтуі мүмкін.

Үшінші талданатын кезең 1993...2000 жж. арналады.

Бұл уақыт аралығында Беделбай және Батарейка өзенінде режімді бақылаулар жүргізілмегі, бірақ ірі лайлы, лайлы-тасты тасқындардың қалыптасу деректері тіркелді. Бұл өзендер алабында 1999 ж. апарттық сел тасқыны өткеннен кейін, “Қазселденкорғау” мекемесі арнайы мамандандырылған зерттеулер жүргізді [4].

Бұл кезенде сел құбылыстарының уақыт аралық үлестірімін анықтау жоғарыда көрсетілген мәліметтер негізінде, сонымен қатар Кіші Алматы өзен алабының аласа таулы зонасындағы алдыңғы кезенде қалыптасқан құбылыстар негізіндегі бақылаулар нәтижесінде жасалды.

Серіз жылға созылған (1993...2000 жж.) үшінші талданатын кезенде Кіші Алматы өзен алабында төрт сел құбылысы орын алды, соның ішінде Кіші Алматы өзенінің түйіктаушы түстамасынан 1999 ж. 14 шілдедегі лайлы сел тығыздығына жуық, тығыздығы жоғары бір ірі лайлы сел тасқыны (1 санатты, өтімі $40 \text{ м}^3/\text{s}$ жақын); сол сияқты 1999 ж. 19 шілдедегі тасындыларының тығыздығы селге жақын, өтімі $15 \text{ м}^3/\text{s}$ асатын 2 санатты бір лайлы сел тасқыны және 1998 ж. 18 мамырда жоғары өтімі $18 \text{ м}^3/\text{s}$ 2 санатты лайлы тасқын өтті. Бұл кезенің ең басты ерекшелігі болып, Беделбай өзені бойынша 1 санатты өті (апарттық) лайлы тасты сел тасқынының, Батарейка өзен алабының түйіктаушы түстамасынан сел түзілу кезінде 1 санатты ірі лайлы тасқынның, Кіші Алматы өзенінің арна бөлігі бойынша лайлы тасты сел тасқынның 1999 ж. 14 шілдеде түйіктаушы түстамаға лайлы сел тасқыны болып үласып өтуі табылады.

Бұл талданған кезенде аса үлкен сел оқиғаларының болғанына қарамастан, селдің жалпы уақыт аралық үлестірімнің зандалықтары өзгеріссіз қалды. Атап айтқанда, Кіші Алматы өзенінің түйіктаушы түстамасында тіркелген сел құбылыстарының орташа қайталану жиілігі осы кезенде 2 жылда бір реттен және жоғарыда айтылған бірінші және екінші кезенде айқындалған шамаларға жуық болды. Алапта өткен барлық сел

құбылыстары үш жылға (1996, 1998, 1999 ж.) тура келді. 1999 ж. олар 2 рет қайталанды. Ең жоғары сел аралық уақыт 7 жылды құрайды. Кіші Алматы және Батарейка өзендері алабындағы сел құбылыстарының қатар қалыптасуы Кіші Алматы өзеніндегі таудан шыға берісінде тіркелген сел құбылыстарының 60 %-ға жуығын құрайды. Батарейка өзенінде сел құбылыстары жүргенде бұл құбылыс Беделбай өзенінде де тіркелді. Соның бірінде кос өзенде 1 санатты лайлы тасқынның қатар өтуі байқалды. Екінші жағдайда Беделбай өзенінде күшті лайлы тасқын қалыптасқанда Батарейка өзенінде бірінші санатты лайлы сел тасқыны байқалды. Бұдан Беделбай өзені алабындағы Батарейка өзені алабымен салыстырғанда селдік қауіптілігі ете жоғары деген қорытынды жасауға болады.

Төртінші талданатын кезең 1902...1941 жж. қамтиды.

Алдыңғы кезендегідей бұл кезенде Беделбай және Батарейка өзендер алабындағы гидрологиялық режімінде мәліметтері және кейбір сел құбылыстары жөніндегі үзік-үзік мәліметтермен шектеледі. Алдыңғы кезендерден айырмашылығы, Кіші Алматы өзені алабы бойынша мәліметтер, өсіресе 20-ғасырдың алғашқы екі онжылдығы үшін толық емес. Соған қарамастан осы кезенде орын алған негізгі сел құбылыстары қолда бар мәліметтер арқылы айқындалды деп айтуда болады.

Талданған кезенің 40 жылы ішінде Кіші Алматы өзеніндегі түйіктаушы тұстамасы арқылы 11 сел тасқыны өтті. Олардың ішінде біреуі 1921 ж. болған лайлы-тасты апатты тасқын, төрт (мүмкін бес) 1 санатты лайлы тасқын, 2 санатты төрт сел тасқыны және 3 санатты екі лайлы тасқын. Талданған кезендегі сел құбылыстарының орташа қайталануы 3,6 жылда бір ретті құрайды. Шын мәнінде одан да көп болуы мүмкін, өйткені 1902 ж.-дан 1921 ж.-ға дейінгі сел құбылыстары жайлы мәлімет толық емес. Ал 1921...1941 жж. аралығында әр түрлі құрамдағы сел тасқынның орташа қайталану жиілігі 2,3 жылда бір ретті құрайды.

Беделбай және Батарейка өзендер алабында (әр түрлі мәлімет көздерінен алған үзік-үзік, бірақ жеткілікті дәрежеде сенімді мәліметтер бойынша) ең кем дегенде төрт сел құбылысы орын алды. Ең бірінші бул 1921 ж. 1 санатты лайлы-тасты сел тасқыны және 1941, 1936, 1918 жж. 2 санатты лайлы тасқындар. Сондай-ақ әр түрлі санаттағы сел құбылыстары 1902, 1931, 1932

жж. қалыптасып, жалпы саны алтыға жетуі мүмкін, бұл Кіші Алматы өзенінің таудан шыға берісінде тіркелген сел құбылыстарының 66 %-ын құрайды. Беделбай өзенінде (бұрын айқындалған зандылыктарға сай) 4-5 сел құбылысы орын алғы ықтимал. 1921 жылы мұнда тек қуатты апаттық қана емес, сонымен қатар өтімі бойынша Батарейка өзенінде байқалған селден асып түсетін лайлы-тасты тасқынның болғаны белгілі. Беделбай және Батарейка өзендері бойынша 1941 және 1936 жж. лайлы тасқындардың қатар өткендігін дәлелдейтін мәліметтер бар.

Бесінші талданатын кезең 1902 ж. дейін Кіші Алматы өзен алабында орын алған сел құбылыстары жайлы мәліметтерді қамтиды.

Аумақты ең алғаш зерттеген зерттеушілер жазбаларынан [1, 6] жинақталған бұл мәліметтер сел шегінділерінің жасын дендрохронологиялық және лихенометриялық әдістермен анықтау үшін арнайы жүргізілген жұмыстар бойынша, Алматы қаласын сел тасқыннынан қорғайтын жобаны дайындау кезіндегі өр жылдарда жүргізілген тексерулер негізінде алынды. Олар толық болмагандықтан, қандайда бір статистикалық зандылықты айқындауга жеткіліксіз. Соған қарамастан олардың Кіші Алматы өзен алабының және жанама түрде оның салалары Беделбай және Батарейка өзендерінің селдік қауіптілік дөрежесін бағалауда маңызы зор.

17...19 ғғ. кезеңінде Кіші Алматы өзені алабында ең аз дегенде 12 ірі сел құбылыстары орын алды. Олардың үшеуі (мүмкін төртеуі) 1 санатты қуатты лайлы-тасты сел тасқыны: біреуі - 17 ғасырда, жобамен біреуі - 18 ғасырда (1770...1780 жж.), екеуі - 19 ғасырда (1841, 1804 және 1880 жж. болуы мүмкін). Алаптың аласа және орташа таулы зонасында қалыптасқан сел құбылыстарының екеуі 1 санатты лайлы тасқын болып табылады. Ал қалғандары бұл алаптың қандай да бір ошағында қалыптасқан және Кіші Алматы өзенінің түйықтаушы тұстамасында не 1 санатты лайлы тасқындардың, болмаса 3 санатты лайлы-тасты тасқындардың өтуін қамтамасыз ететін лайлы-тасты сел тасқындар.

Беделбай және Батарейка өзендері алабындағы сел құбылыстары жайлы мәлімет мүлде жоқ. Дегенмен, жоғарыда

қаралған кезеңдердегі талдау кезінде айқындалған жалпы зандылықтардың негізінде әр түрлі ауқымдағы үксас сел тасқындары Беделбай және Батарейка өзендерінде де қалыптасты деп жорамалдауға болады. Беделбай, Батарейка өзендерінде және Кіші Алматы өзені алабында орын алған (нақты немесе жорамал бойынша) нөсерлік сел құбылыстары жайлы мәліметтерді кезеңдік талдаудың нәтижесінде (400 жылдық кезең үшін) олардың жалпы тізімі құрастырылды. Мақала көлемі шектеулі болғандықтан келтірілген жок.

Қарастырылған деректердің негізінде мынадай қорытынды жасалды: Беделбай өзенінде 17...20 ғғ. шамамен әр түрлі ауқымдағы 8 лайлы тасты тасқын орын алды деп үйғарылды. Соңғы 100 жыл аралығында екі ірі лайлы-тасты сел (1921 және 1999 жж.) болғаны анық және 1902 жылы жоғары дәрежеде анық жобаланған бір жағдай белгілі. Сөйтіп, лайлы-тасты селдің осы алаңта орташа қайталануы 30 жылда 1 рет, ал қуатты апаттық сел 50 жылда 1 рет қайталанады.

Сонымен қатар Беделбай өзені алабындағы лайлы тасты селдер негізгі өзен арнасы бойынша тасқынның жиынтық селдік етімінің өсуіне ықпал ете отырып, Кіші Алматы өзені алабындаң басқа ошактарындағы сел түзілу процестерімен қатар байқалтуы мүмкін (1921, 1902 жж.). Дегенмен, Кіші Алматы өзенінің түйіқтаушы тұстамасы арқылы өтетін лайлы-тасты тасқындарды қоса алғанда, олар жергілікті жерде ғана қалыптасусы мүмкін (1999 ж.).

Куаты әр түрлі дәрежедегі лайлы тасқындар Беделбай өзені алабында соңғы жүз жыл аралығында 25 рет байқалды, оның кем дегенде он бесінің қалыптасусы жайлы деректер жеткілікті дәрежеде нақты. Олардың бесеуі Кіші Алматы өзенінің басқа салаларындағы сел ошактарында қалыптасан орташа көлемдегі жергілікті лайлы-тасты селдермен қатар өткен сел тасқындары. Бұл Кіші Алматы өзені алабындағы жергілікті лайлы-тасты сел санының 70 % құрайды. Кіші Алматы өзені алабындаң түрлі ошактарында орташа көлемдегі лайлы-тасты селдер жүрген басқа жағдайларда Беделбай өзенінде тек орташа көлемдегі су тасқындары байқалды. Беделбай өзенінде жоғарыда көрсетілгеннен (5) басқа жиырмадан аса лайлы су тасқыны өтті.

Олардың 60 %-га жуығы Кіші Алматы өзенінің түйіқтаушы тұстамасынан өткен лайлы су тасқындарымен қатар байқалды. 1900-2000 жж. аралығында лайлы су тасқындар 4 жылда 1 рет, сел құбылысының кез-келгені 3,5 жылда 1 рет қайталанды. Соңдай-ақ қуаты өртүрлі дөрежедегі сел құбылыстары 1 жылда 2-3 рет немесе жыл сайын, болмаса бірнеше жылда 1 рет байқалып отырды. Уақыт бойынша сел құбылыстарының біркелкі таралмауы жекелеген кезеңдермен (1973...1992, 1993...2000) салыстырганда жүз жылдық кезеңде олардың орташа қайталану жиілігінің төмендегендігін анықтады. Жекелеген кезеңдерде ең үлкен үзіліс 15 жылдан да жоғары болады.

Беделбай өзені алабына қарағанда, Батарейка өзені алабында нөсерлік лайлы-тасты тасқындар өте сирек байқалды. Олардың 1921 ж. орын алғаны анық, бірақ 1999 ж. қалыптасқан жоқ. Кіші Алматы өзенінің түйіқтаушы тұстамасынан өткен және Беделбай өзені алабында орын алған сел тасқындарының қалған жағдайларына байланысты лайлы-тасты селдер Батарейка өзенінде 1841 ж. өтуі мүмкін. Демек, Батарейка өзенінде лайлы-тасты селдер Кіші Алматы өзенінің барлық алабында тұтастай сел қалыптасып және түйіқтаушы тұстамасы арқылы ірі (1 санатты) лайлы-тасты селдер өткен жағдайда қалыптасты. Батарейка өзені алабындағы лайлы-тасты селдердің орташа қайталану жиілігі жүз жылда 1 рет. Сонымен қатар, мұнда 1887 ж. жерсілкінің кезінде сел түзілу процестері болды .

Батарейка өзенінде, керісінше, лайлы сел тасқындары жиі байқалды және олардың жалпы саны Беделбай өзенініне қарағанда артық. Соңғы жүз жыл аралығында мұнда 30-ға жуық сел тасқыны түзілді. Сонымен қатар, Батарейка өзеніндегі лайлы тасқындар Кіші Алматы өзенінің басқа салаларындағы жергілікті орташа көлемді сел тасқындарымен сирек үйлесті, бірақ оның аласа таулы алқаптағы қалыптасуы түйіқтаушы тұстамадағы лайлы селдермен жиі үйлесіп отырды. Тіркелген жағдайдың 10 %-ға жуығы тек Батарейка өзені алабында қалыптасқан орташа көлемдегі жергілікті сел тасқындары болып табылады.

Батарейка өзеніндегі лайлы сел 3 жылда 1 рет қайталанды. Бірақ, олар селдік қауіпті мезгіл аралығында 1 жылда бірнеше

реттен, жекелеген уақыт аралығында жыл сайын, не бірнеше жылда 1 реттен өтті.

Кіші Алматы өзені алабында 400-жылдық кезең аралығында түйіктаушы тұстама арқылы өткен аса ірі (сонымен қатар апаттық) нөсерлік лайлы-тасты тасқындар 9 рет (17 ғ., 1770...1780, 1804, 1841, 1870...1880, 1887, 1902, 1921, 1999 жж.), 200-жылдық кезеңде - 7 рет, ал соңғы жүз жылдықта 3 рет қалыптасты. Лайлы-тасты тасқындардың орташа қайталану жиілігі 30 жылда 1 рет. Сонымен қатар апаттық лайлы-тасты тасқындар 100 жылда 1 рет байқалды. Жекелеген ошактарда қалыптасқан және Кіші Алматы өзенінің түйіктаушы тұстамасы арқылы қуаты өр түрлі лайлы тасқындардың өтуін тузызатын жергілікті лайлы-тасты сел тасқындары 400 жыл аралығында 11 рет (1690, 1750, 1837, 1850...1870, 1918, 1927, 1931, 1954, 1987, 1988, 1998 жж.), 200 жыл аралығында- 9, ал жүз жыл аралығында-7 рет орын алды. Яғни соңғы жүз жыл аралығында Кіші Алматы өзен алабында орта есеппен 10 жылда 1 рет лайлы-тасты сел тасқыны қалыптасып отырды. Сонымен қатар соңғы жүз жыл аралығында Кіші Алматы өзенінің түйіктаушы тұстамасы арқылы өткен 30-ға жуық лайлы сел тасқыны байқалды. Кіші Алматы өзенінің таудан шыға берісінде лайлы тасқындар орта есеппен 2,5 жылда 1 рет қайталанғанымен, сел құбылыстарының 9-15 жыл болмаған кезеңдері болып отырды, сондай-ақ олардың жыл сайын не 1 жылда бірнеше рет өтуі де байқалып отырды. Кіші Алматы өзеніндегі лайлы тасындылардың 60 %-ға жуығы Беделбай өзенінде және 70 %-ға жуығы Батарейка өзенінде өткен сел тасқындарымен қатар жүрді.

Сел құбылыстарының жылдық үлестірімі мынадай:

Беделбай өзені бойынша лайлы тасқындардың 50 %-ға жуығы мамыр айында байқалады. Бұл айға ең ірі сел тасқындардың, соның ішінде 1969 ж. байқалған ең жоғары сел тасқынының өтуі (акырғысының жалпы саны бұл айда 1,5 есе көп болғанына қарамастан) сәйкес келеді. Маусым айында Беделбай өзеніндегі сел тасқындары қысқарып, жалпы санының 30 %-ын құрайды. Құбылыстардың қуаты да төмендейді. Бұл лайлы тасқындардың басым көшілігі 3 санатты. Бұл кезде Кіші Алматы өзенінде лайлы тасқын 2 есе көп байқалады. Маусым

айында 15 %-га жуық сел құбылыстары өтеді, атап айтқанда маусым айында мұнда ең ірі, соның ішінде апатты лайлы-тасты селдер, сонымен қатар ірі лайлы тасқындардың өтуі байқалады.

Батарейка өзенінде сел құбылыстарының жалпы санының 45 %-ға жуығы өтетін ең белсенді ай - мамыр болып табылады. Бұл уақытта ірі лайлы тасқындар өтеді. Сөуір, маусым, шілде айларында сел құбылыстарының тендей бөлігі - 15 %-ы байқалады. Бірақ шілдеде бұл лайлы-тасты және ірі лайлы селдер болса, сөуір және маусым айларында тек қуаты орташа лайлы тасқындар болып табылады. Батарейка және Кіші Алматы өзендеріндегі сөуір және мамыр айында байқалған лайлы тасқындардың қатар өтуі жиілігі, шілде айында төмендейді.

Кіші Алматы өзенінде мамыр-шілде айларындағы сел құбылыстарының саны тиісінше 35, 30, 25 %-ды құрайды. Сонымен қатар, мамыр, маусым айларында аласа таулы алқап алабында қалыптасқан ірі лайлы тасқындардың көбі Батарейка және Беделбай алаптарына тиесілі. Кіші Алматы өзеніндегі маусым айындағы сел құбылыстары лайлы тасты тасқындардың (ірі апаттық, және орташа көлемдегі жергілікті) қалыптасуымен байланысты. Соңғы жағдайда Кіші Алматы өзенінің таудан шыға берісінде орташа көлемдегі лайлы-тасты сел не лайлы тасқындар байқалуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Городецкий В.Д. Причины Алма-Атинской катастрофы 8 июля 1921 г. // Вестник Центрального музея Казахстана. – Алма-Ата. – 1930. - № 1. – С. 23-40.
2. Дүйсенов Е.Д. Селевые потоки в Заилийском Алатау. – Алма-Ата. – 1971. – 192 с.
3. Киренская Т.Л. О прогнозировании ливневых селей в Заилийском Алатау. // Селевые потоки. – 1985. - Сб. 9. - С. 77-84.
4. Киренская Т.Л., Молдахметов М.М., Машукова Н.К. Условия формирования селевых явлений в бассейнах рек Беделбай и Батарейка (бассейн р. Малая Алматинка, Заилийский Алатау) // Природные и социальные проблемы географии аридных территорий. Материалы научно-практич. конференции «Жандаевские чтения», 24-25 мая 2001г. С. 113-117.

5. Медеуов А., Колотилин Н.Ф., Керемкулов В.А. Сели Казахстана. – Алматы. – 1993. – 157 с.
 6. Мушкетов И.В. Верненское землетрясение 28 мая (9 июня) 1887 г. // Труды Геолкома. Т.Х. - № 1. – СПб. – 1890. 140 с.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

РЕТРОСПЕКТИВНЫЙ АНАЛИЗ СЕЛЕВЫХ ПОТОКОВ В БАССЕЙНЕ РЕКИ МАЛАЯ АЛМАТИНКА

Канд. геогр. наук М.М. Молдахметов
А.К. Мусина

В статье приведен ретроспективный анализ прошедших селей в бассейне реки Малая Алматинка в различные периоды, определена средняя частота повторяемости грязекаменных селевых потоков различной категории и оценено внутригодовое распределение селевых потоков.